

Өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуын болжамдау (Ақтөбе облысы мысалында)

¹ТУЛАГАНОВ Анвар Балтабаевич, PhD, доцент, Tulaganov22@mail.ru,

²*ЕСБЕРГЕН Раушан Әкімгерейқызы, э.ф.к., профессор, rau01021980@mail.ru,

¹ШАМИШЕВА Нургуль Каршыгаевна, э.ф.к., доцент, nurgul.shamisheva@mail.ru,

³БЕЙСЕНОВА Мадина Унайбековна, э.ф.д., доцент, madina.beisenova@mail.ru,

⁴ШІЛМАНОВА Алтынай Мусаевна, э.ф.к., аға оқытушы, altynsh@mail.ru,

¹«Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» КеАҚ, Сәтбаев көшесі, 2, Астана, Қазақстан,

²ҚР Президентінің жанындағы МБА Ақтөбе облысы бойынша филиалы, Тілеу батыр көшесі, 10, Ақтөбе, Қазақстан,

³«Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КеАҚ, әл-Фараби даңғылы, 71, Алматы, Қазақстан,

⁴«Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» КеАҚ, Әйтеке би көшесі, 29а, Қызылорда, Қазақстан,

*автор-корреспондент.

Аңдатпа. Тақырыптың өзектілігі ғаламдану жағдайында ғылыми-техникалық прогрестің жеделдетілген қарқыны, басқару міндеттерінің күрделілігі, тұрақтылықтың болмауы және белгісіздіктің жоғары дәрежесі жағдайында басқарудағы болжаудың маңыздылығының артуымен анықталады. Зерттеу әдістемесі кешенді және статистикалық талдауларды қолдануға, ғылыми зерттеудің талдау, жүйелік-талдау, синтез әдістеріне негізделген. Ақпараттық негізге Қазақстан Республикасының бес жылдық әлеуметтік-экономикалық даму болжамдары, Ұлттық даму жоспары, Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігінің және Ұлттық статистика бюросының мәліметтері, т.б. алынды. Экономикалық және әлеуметтік құбылыстарды зерттеудің ғылыми әдістеріне және экономикалық болжаудың барлық әдістері мен құралдарын қолдануға негізделген экономикалық және әлеуметтік болжамдарды әзірлеу процесінің мәні зерделенеді. Ақтөбе облысының әлеуметтік-экономикалық дамуын болжамдаудағы негізгі көрсеткіштерге баға беріледі. Негізгі көрсеткіштерді талдау негізінде өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуын одан әрі жетілдіру бойынша ұсыныстар беріледі. Ұсыныстар автордың Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы мемлекеттік басқару академиясының Ақтөбе облысы бойынша филиалында мемлекеттік қызметшілерді оқыту барысында алынған кейістермен толықтырылды.

Кілт сөздер: стратегиялық жоспарлау, аймақтық экономика, болжамдау, әлеуметтік-экономикалық даму, жалпы өңірлік өнім, өңірлік саясат, агломерация.

Кіріспе. Адамзаттың кез-келген салада болжау қызметі ең көне әрекеттердің бірі болып табылады, өйткені белгісіздікті азайту және ықтимал тәуекелдерді жою мақсатында «болашақты болжау» әрекеттері оның даму тарихында орын алып келеді. Өңірлік дамуды болжау басқару субъектілеріне тәуелсіз сыртқы және ішкі факторларды ескере отырып, болашақ әлеуметтік-экономикалық жағдайды модельдеуге бағытталады[1]. Мақалада әлеуметтік-экономикалық болжаудың мәні аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуын басқару және реттеу жүйесінің құралы ретінде қарастырылады. Мысал ретінде еліміздегі ұлттық экономиканың

әртүрлі салаларында әлеуеті жоғары өңірлердің бірі Ақтөбе облысы қарастырылады. Ғылыми мақаланың мақсаты – елдің әлеуметтік-экономикалық дамуын болжамдау негізінде өңірлің әлеуметтік-экономикалық дамуын болжамдау ерекшеліктерін зерттеу. Бұл мақсатқа қол жеткізу үшін әлеуметтік-экономикалық болжамдаудың теориялық мәні айқындалады, Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуын болжамдау әдіснамасы, соның негізінде өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму болжамы бойынша негізгі көрсеткіштерге талдау жүргізіледі, талдау нәтижесінде өңірдің даму перспективалары анықталады.

Өңірлік экономикада өңірдің әлеуметтік экономикалық дамуын болжау деп өңірлік кешеннің және оның құрылымдық құрамдас бөліктерінің даму бағыттарын айқындауға арналған, экономиканы мемлекеттік реттеудің құрамдас бөлігі болып табылатын экономиканың және әлеуметтік саланың болашақ жай-күйін болжауға бағытталған қызмет түсініледі [2]. Қазіргі уақытта әлеуметтік-экономикалық дамуды болжаудың көптеген әдістері әзірленген, бірақ әлеуметтік-экономикалық болжау бойынша шетелдік және отандық ғалымдардың зерттеулерінде ең танымал және қолданылатын 15-20 әдіс көрсетіледі [3].

Зерттеу нәтижелері. Болжам деп болашақта объектінің мүмкін болатын күйлері, баламалы жолдары және оны жүзеге асыру мерзімдері туралы ғылыми негізделген пайымдау түсініледі. Әлеуметтік-экономикалық болжау – бұл экономикалық және әлеуметтік құбылыстарды анықтаудың ғылыми әдістеріне және экономикалық болжаудың әдістері мен құралдарын қолдануға негізделген экономикалық және әлеуметтік болжамдарды әзірлеу процесі [4].

Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі макроэкономикалық көрсеткіштерді болжау үшін 8 модельді пайдаланады (өндіріс әдісімен ЖІӨ болжау моделі, түпкілікті пайдалану әдісімен ЖІӨ болжау моделі, экспортты болжау моделі, әлеуетті ЖІӨ бағалау моделі, орта мерзімді тоқсандық макроэкономикалық модель, салааралық баланс моделі, инфляцияны болжау моделі, мұнайдың әлемдік бағасын болжаудың симуляциялық моделі) [5].

Қазақстанның батыс бөлігінде орналасқан Ақтөбе облысы қолайлы географиялық жағдайға және экономикалық даму үшін айтарлықтай әлеуетке ие. Оның ішінде әлеуметтік-экономикалық дамуға әсер ететін объективті маңызды факторлар бар, атап айтқанда: салалық бағыттардың әртүрлілігі және олардың оң дамуы; өңір аумағындағы табиғи ресурстар; саяси тұрақтылық; қосымша макроэкономикалық жағдайлар [6].

Жалпы, әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштеріне сәйкес 2024 жылдың 8 айында өңірде тұрақты макроэкономикалық жағдай сақталуда. Облыстың жалпы өңірлік өнімі жыл сайын өсу үрдісіне ие. Ағымдағы жылдың басынан бастап ауыл шаруашылығының жалпы өнімінің нақты көлем индексі 2023 жылдың тиісті кезеңіне 100,9% құрады, ірі қара, жылқы, қой мен ешкі, түйе саны артты. Өнеркәсіптік өндіріс бойынша нақты көлем индексі 106,9% құрады.

2024 жылы бірыңғай индустрияландыру картасы шеңберінде 1 трлн астам сомаға 11 жобаны іске асыру жүргізілуде. 2024 жыл-

ғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша шағын және орта кәсіпкерлік саласында жұмыс істеп тұрған субъектілер саны 84,2 мың бірлікті немесе 2023 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 96,5% құрады. Негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі 2023 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 87,0% құрады.

2024 жылғы қаңтар-маусымда жалпы өңірлік өнім көлемі қолданыстағы бағамен 2291102,2 млн теңгені құрады. 2023 жылғы қаңтар-маусыммен салыстырғанда нақты ЖӨӨ 7,8% өсті. ЖӨӨ құрылымында тауарларды өндіру үлесі 44,8%, қызметтер көрсету – 55,2% құрады. 2024 жылғы 1 қыркүйекке Ақтөбе облысы халқының саны 946,8 мың адамды құрады, соның ішінде қала тұрғындары – 713 мың адам (75,3%), ауыл тұрғындары – 233,8 мың адам (24,7%).

Тұтыну баға индексі 2024 жылғы қыркүйекте 2023 жылғы желтоқсанымен салыстырғанда 106,2% құрады. Азық-түлік тауарларының бағасы 2,9%, азық-түлік емес тауарлардың – 4,8%, халыққа көрсетілетін ақылы қызметтердің бағасы – 12,6% өсті. Өнеркәсіп өнімдеріне өндіруші кәсіпорындар бағасы 2024 жылғы қыркүйекте 2023 жылдың желтоқсанымен салыстырғанда 4,7% өсті.

2024 жылғы қаңтар-қыркүйекте бөлшек сауда көлемі 543491,9 млн теңгені құрады немесе 2023 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 4,4% көп. 2024 жылғы қаңтар-қыркүйекте көтерме сауда көлемі 1067089,9 млн теңгені құрады немесе 2023 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 19,8% артты. Алдын ала деректер бойынша 2024 жылғы қаңтар-тамызда ЕАЭО елдерімен өзара сауда 1127,1 млн АҚШ долларын құрап, 2023 жылғы қаңтар-тамызбен салыстырғанда 20,1% артық, оның ішінде экспорт – 421,9 млн АҚШ долларын (2,3% артты), импорт – 705,2 млн АҚШ долларын құрады (34% көбейді).

Болжамды деректер бойынша 2024-2028 жылдары ЖӨӨ өсімі 2,0% деңгейінде күтілуде. ЖӨӨ көлемі 2023 жылы 4861,1 млрд теңгені құрайды, 2024 жылы – 5901,4 млрд теңге, 2025 жылы – 7247,2 млрд теңге, 2026 жылы – 8992,5 млрд теңге, 2027 жылы – 11258,6 млрд теңге, 2028 жылы – 14198,6 млрд теңге [7].

Ақтөбе облысының орта мерзімді кезеңге әлеуметтік-экономикалық саясаттың негізгі мақсаты макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін орта мерзімді кезеңдегі негізгі жұмыстар әлеуметтік-экономикалық саясаттың төмендегідей басымдықтарына бағдарланады:

- егістік және суармалы жерлердің ауданын, сонымен қатар өңделген ауыл шаруа-

Ақтөбе облысының 2024-2028 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерінің болжамы

№	Көрсеткіштер	2023 ж.	Болжам				
			2024 ж.	2025 ж.	2026 ж.	2027 ж.	2028 ж.
1	ЖӨӨ, млрд теңге	4861,1	5901,4	7247,2	8992,5	11258,6	14198,6
2	ЖӨӨ нақты өзгеруі, өткен жылға қарағанда, %	98,9	101,6	102,0	103,1	103,1	103,1
3	ЖӨӨ жан басына шаққанда, АҚШ долл. есептік бағам бойынша	9379	9903	10429	10954	11478	11900
Облыс, республикалық маңызы бар қала, астана бойынша барлық экономикалық қызметі түрлері бойынша ЖӨӨ							
4	Ауыл, орман және балық шаруашылығы, млн теңге	432174,0	486492	515904,8	526222,9	539402,4	554105
5	Өнеркәсіп, млн теңге	2315547,4	2535524,4	2738366,4	2875284,7	3004672,5	3124859,4
6	Тау-кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді игеру, млн теңге	1216167,3	1331703,2	1438239,5	1510151,5	1578108,3	1641232,6
7	Көтерме және бөлшек сауда, автомобиль мен мотоциклдерді жөндеу, млн теңге	1829874,4	2458378,9	2850134	3332465	3872130	4495942
Әлеуметтік саланың көрсеткіштері							
8	Жұмыс күшінің саны – облыс бойынша барлығы, мың адам	446,7	449,0	450,7	452,0	454,0	454,5
9	Жұмыспен қамтылған халық саны, мың адам	425,1	427,4	429,1	430,4	432,8	433,3
10	Жұмыссыз халық саны, мың адам	21,6	21,6	21,6	21,6	21,2	21,2
11	Жұмыссыздық деңгейі, жұмыс күші санына, %	4,8	4,8	4,8	4,8	4,7	4,7
12	Бір жұмыскердің орташа айлық жалақысы, теңге	319867	335860	352653	370285	388800	408240
13	Зейнеткерлердің саны, мың адам	101,6	104,7	107,8	111,1	111,3	111,8

шылығы өнімдерінің экспортын ұлғайту;

- өңдеуші өнеркәсіп жобаларын жүзеге асыру үшін инвесторларды тарту, өңірдің шикізат бағытын азайту;

- «Нұрлы жер» және «Бақытты отбасы» бағдарламалары аясында жаңа тұрғын үйге қолжетімділікті кеңейте отырып, қолайлы және жайлы өмір сүру жағдайларын қалыптастыру;

- тұрғын үй қорын жаңғырту, сонымен қатар одан әрі газдандыру және ауыз суға қол жеткізу;

- нәтижелі жұмыспен қамтуға тартуды кеңейту, жаңа жұмыс орындарын құру, көп балалы отбасыларды, мүгедектерді және мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған адамдарды қолдау шараларын күшейту;

- кәсіпкерлікті жан-жақты қолдау, бизнесті жасау және жүргізу үшін кедергілерді азайту, микрокредиттеумен қамтуды кеңейту және МЖӘ тетіктерін пайдалану;

- сапалы медициналық қызметтерге қолжетімділікті қамтамасыз ету, алғашқы медициналық-санитарлық көмектің, әсіресе

ауылда қолжетімділігін арттыру;

- апатты, үш ауысымды және шағын жинақты мектептердің проблемаларын шешу, мектепке дейінгі балалар мекемелерімен қамтамасыз ету;

- «Ауыл аманаты» бағдарламасын жүзеге асыру арқылы ауыл халқының әл-ауқатын арттыру.

Жоғарыда аталған міндеттер қолайлы институционалдық жағдайлар жасау, ұлттық жобалар құралдары мен салаларды дамыту тұжырымдамаларының көмегімен экономика субъектілерін қолдау арқылы жүзеге асырылады [8].

2028 жылға қарай облыс халқының санының өсуі орташа өмір сүру ұзақтығы 75,2 жасқа дейінгі 982,0 мың адамға дейін болжанады. Нәтижесінде жұмыспен қамтылған халық саны 2023 жылы 425,1 мың адамнан 2028 жылы 433,3 мың адамға дейін ұлғаяды. Бюджет кірістерінің өсуі негізінен жергілікті бюджет кірістерінде шамамен 96% алатын салық түсімдерінің ұлғаюы есебінен қамтамасыз етілетін болады.

Ақтөбе облысының әлеуметтік-экономикалық дамуындағы өзекті мәселе халықтың өмір сүру сапасы мен әл-ауқатын одан әрі арттыру бірінші кезектегі бағыттар болып саналады:

1. Табыстарды арттыруды және халықтың аз қамтылған топтарын қолдауды ескере отырып, мемлекеттік әлеуметтік міндеттемелерді толық көлемде орындау;

2. Әлеуметтік инфрақұрылымды одан әрі дамыту және жаңғырту (денсаулық сақтау мен сапалы білім берудің қолжетімді және тиімді жүйесі), адами капиталдың сапасын арттыру;

3. Нәтижелі жұмыспен қамтуды ынталандыру және жаппай кәсіпкерлікті дамыту арқылы халықты жұмыспен қамтуды қолдау;

4. АӨК тиімділігін арттыру және дамыту;

5. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық инфрақұрылымын және сумен, жылумен жабдықтау желілерін жаңғырту;

6. Тұрғын үй құрылысын дамытуды ынталандыру және тұрғын үйдің, оның ішінде табысы төмен азаматтар үшін қолжетімділігін арттыру;

7. Перспективалы ауылдарды өңірлік

стандарттар жүйесінің деңгейіне жеткізу.

Ақтөбе облысының әлеуметтік-экономикалық даму болжамында оң перспективалармен қатар көрсеткіштерде төмендеулер мен тәуекелдер бар, республика бойынша өңірлер арасында жалақы деңгейі бойынша 9 орын алады. Қатты тұрмыстық қалдықтарды өңдеу дәрежесі төмен, шамамен 15% құрайды. Осы сияқты көрсеткіштерден облыс төмен деңгейде болып отыр. Бұл бағытта жаңа өндіріс орындарын ашу үшін инвестиция тарту өзекті. Сондықтан бұл жерде өнеркәсіптік, ауыл шаруашылығы, туризм, жол бойы сервисі сияқты перспективалары бар салаларға және олардың жобаларына (жүзеге асырылуына) мониторинг жүргізу, мақсатты нақты таңдау маңызды. Ол үшін әр жылға арналған жобалар пулын бақылау, олардың уақытылы орындалуын қамтамасыз ету және қадағалау және қажетті уақытта қажетті ақпаратпен қамту талап етіледі.

Қорытынды. Ақтөбе облысының орта мерзімді кезеңге әлеуметтік-экономикалық дамуын болжамдау нәтижесінде төмендегілер айқындалды:

- шикізаттық қоры мен әлеуетін ескере отырып, өңдеу өнеркәсібінде қосылған құны жоғары өндірістік қуаттарды жаңғырту, кеңейту және жаңа салу;

- Ақтөбе агломерациясын дамыту және Ақтөбе қаласын сервистік секторды және көлік-логистикалық хабты дамыту арқылы батыс макроөңірдегі ірі қалалық агломерацияға айналдыру;

- Ақтөбе қаласының 2050 жылға дейінгі даму стратегиясына сәйкес, облыс орталығын дамытудың басты басымдығы Ақтөбе қаласында орталығы бар функционалдық қалалық ауданға кіретін қала тұрғындары мен елді мекендердің өмір сүру сапасын арттыру;

- басқару органдары мен экономика салаларын цифрландыру, өңірде креативті индустрияны дамыту үшін жағдайлар жасау;

- өңдеу өнеркәсібін жедел дамыту және осы салаға шетелдік инвестицияларды тарту;

- қалдықтарды қайта өңдеуді енгізу және қалдықсыз өндірісті дамыту.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Balungu, D.M. Forecasting the Economic Growth of Sverdlovsk Region: A Comparative Analysis of Machine Learning, Linear Regression and Autoregressive Models / D.M. Balungu, A. Kumar // Journal of Applied Economic Research. – 2024. – Vol. 23, No. 3. – Pp. 674-695. – DOI 10.15826/vestnik.2024.23.3.027.
2. He L., Tao J., Meng P., Chen D. and etc. Analysis of socio-economic spatial structure of urban agglomeration in China based on spatial gradient and clustering // Oeconomia Copernicana. 2021. Vol. 12. No. 3. Pp. 789-819. DOI: 10.24136/oc.2021.026
3. Толепов, А.Е. Прогнозирование экономического роста страны путем анализа циклов К.Жюглар и С.Кузнеца (на примере Казахстана) / А.Е. Толепов, А.Б. Майдырова, Л.М. Шаяхметова // Экономическая серия Вестника ЕНУ им. Л.Н. Гумилева. – 2024. – № 1. – С. 73-87. – DOI 10.32523/2789-4320-2024-1-73-87.
4. Балгарина, Л.А. Применение динамического норматива для оценки и построения сценариев экономического развития региона / Л.А. Балгарина, С.А. Джумабаев, Ю.К. Шокаманов // Экономика: стратегия и практика. – 2023. – Т. 18, № 4. – С. 127-146. – DOI 10.51176/1997-9967-2023-4-127-146.
5. Spankulova, L.S. Demographic processes in Kazakhstan: current trends and forecasting the future development / L.S. Spankulova, Z.K. Chulanova // Вестник университета Туран. – 2022. – № 3 (95). – С. 60-71. – DOI 10.46914/1562-2959-2022-1-3-60-71.
6. Акылбеков, А.А. Влияние макроэкономических факторов на уровень реальных доходов как компонент качества жизни населения / А.А. Акылбеков, А.М. Сейтказиева, С. Martins-Filho // Central Asian Economic Review. – 2024. – № 3 (156). – С. 68-85. – DOI 10.52821/2789-4401-2024-3-68-85.
7. Evaluation of regions' competitiveness as the main parameter of economic development / D.S. Bekniyazova, Zh.L. Saurkubule, A.Zh. Kaliskarova, D.O. Baiburina // Вестник Инновационного Евразийского университета. – 2022. – № 3 (87). – С. 36-43. – DOI 10.37788/2022-3/36-43.
8. Current socio-economic development of the regions of the Republic of Kazakhstan / Д.М. Турекулова, Б.Б. Айдарханова, Е.Б. Бейсенгалиев [et al.] // Вестник Казахского университета экономики, финансов и международной торговли. – 2022. – № 1 (46). – DOI 10.52260/2304-7216.2022.1(46).11.

Прогнозирование социально-экономического развития региона (на примере Актыубинской области)

¹**ТУЛАГАНОВ Анвар Балтабаевич**, PhD, доцент, Tulaganov22@mail.ru,

^{2*}**ЕСБЕРГЕН Раушан Акимгереевна**, к.э.н., профессор, rau01021980@mail.ru,

¹**ШАМИШЕВА Нургуль Каршыгаевна**, к.э.н., доцент, nurgul.shamischeva@mail.ru,

³**БЕЙСЕНОВА Мадина Унайбековна**, д.э.н., доцент, madina.beisenova@mail.ru,

⁴**ШИЛМАНОВА Алтынай Мусаевна**, к.э.н., старший преподаватель, altynsh@mail.ru,

¹НАО «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева», ул. Сатпаева, 2, Астана, Казахстан,

²Филиал АГУ при Президенте РК по Актыубинской области, ул. Тлеу батыра, 10, Актобе, Казахстан,

³НАО «Казахский национальный университет имени аль-Фараби», пр. аль-Фараби, 71, Алматы, Казахстан,

⁴НАО «Кызылординский университет имени Коркыт Ата», ул. Айтеке би, 29а, Кызылорда, Казахстан,

*автор-корреспондент.

Аннотация. Актуальность темы обусловлена возрастанием значимости прогнозирования в управлении в условиях ускоренных темпов научно-технического прогресса в условиях глобализации, сложности задач управления, отсутствия устойчивости и высокой степени неопределенности. Методика исследования основана на применении комплексного и статистического анализа, методов анализа, синтеза научного исследования. За информационную основу взяты пятилетние прогнозы социально-экономического развития Респу-

блики Казахстана, Национальный план развития, данные Министерства национальной экономики Республики Казахстан и Бюро национальной статистики и др. Изучается сущность процесса разработки экономических и социальных прогнозов, основанных на научных методах исследования экономических и социальных явлений и применении всех методов и средств экономического прогнозирования. Дается оценка основных показателей в прогнозировании социально-экономического развития Актюбинской области. На основе анализа конкретных показателей даются рекомендации по дальнейшему совершенствованию социально-экономического развития региона. Предложения дополнены кейсами, полученными авторами в ходе обучения государственных служащих в филиале Академии государственного управления при Президенте Республики Казахстан по Актюбинской области.

Ключевые слова: стратегическое планирование, региональная экономика, прогнозирование, социально-экономическое развитие, валовой региональный продукт, региональная политика, агломерация.

Forecasting the Socio-Economic Development of the Region (On the Example of the Aktobe Region)

¹**TULAGANOV Anvar**, PhD, Associate Professor, Tulaganov22@mail.ru,

²***YESBERGEN Raushan**, Cand. of Econ. Sci., Professor, rau01021980@mail.ru,

¹**SHAMISHEVA Nurgul**, Cand. of Econ. Sci., Associate Professor, nurgul.shamisheva@mail.ru,

³**BEISENOVA Madina**, Dr. of Econ. Sci., Associate Professor, madina.beisenova@mail.ru,

⁴**SHILMANOVA Altynai**, Cand. of Econ. Sci., Senior Lecturer, altynsh@mail.ru,

¹NPJSC «L.N. Gumilyov Eurasian National University», Satpayev Street, 2, Astana, Kazakhstan,

²Branch of APA under the President of RK in Aktobe region, Tleu Batyr Street, 10, Aktobe, Kazakhstan,

³NPJSC «Al-Farabi Kazakh National University», Al-Farabi Avenue, 71, Almaty, Kazakhstan,

⁴NPJSC «Korkyt Ata Kyzylorda University», Aiteke bi Street, 29a, Kyzylorda, Kazakhstan,

*corresponding author.

Abstract. The relevance of the topic is due to the increasing importance of forecasting in management in the context of accelerated scientific and technological progress in the context of globalization, the complexity of management tasks, lack of stability and a high degree of uncertainty. The research methodology is based on the application of complex and statistical analysis, methods of analysis, synthesis of scientific research. The information basis is based on five-year forecasts of socio-economic development of the Republic of Kazakhstan, the National Development Plan, data from the Ministry of National Economy of the Republic of Kazakhstan and the Bureau of National Statistics, etc. The essence of the process of developing economic and social forecasts based on scientific methods of studying economic and social phenomena and the application of all methods and means of economic forecasting is studied. The assessment of the main indicators in forecasting the socio-economic development of the Aktobe region is given. Based on the analysis of specific indicators, recommendations are made for further improvement of the socio-economic development of the region. The proposals are supplemented by cases received by the author during the training of civil servants at the branch of the Academy of Public Administration under the President of the Republic of Kazakhstan in the Aktobe region.

Keywords: strategic planning, regional economy, forecasting, socio-economic development, gross regional product, regional policy, agglomeration.

REFERENCES

1. Balungu, D.M. Forecasting The Economic Growth of Sverdlovsk Region: A Comparative Analysis of Machine Learning, Linear Regression and Autoregressive Models / D.M. Balungu, A. Kumar // Journal of Applied Economic Research. – 2024. – Vol. 23, No. 3. – Pp. 674-695. – DOI 10.15826/vestnik.2024.23.3.027.
2. He L., Tao J., Meng P., Chen D. and etc. Analysis of socio-economic spatial structure of urban agglomeration in China based on spatial gradient and clustering // Oeconomia Copernicana. 2021. Vol. 12. No. 3. Pp. 789-819. DOI: 10.24136/oc.2021.026
3. Tolepov, A.E. Prognozirovanie jekonomicheskogo rosta strany putem analiza ciklov K.Zhjuglara i S.Kuzneca (na primere Kazahstana) / A.E. Tolepov, A.B. Majdyrova, L.M. Shajahmetova // Jekonomicheskaja serija Vestnika ENU im. L.N. Gumileva. – 2024. – No. 1. – Pp. 73-87. – DOI 10.32523/2789-4320-2024-1-73-87.
4. Balgarina, L.A. Primenenie dinamicheskogo normativa dlja ocenki i postroenija scenarijev jekonomicheskogo razvitija regiona / L.A. Balgarina, S.A. Dzhumabaev, Ju.K. Shokamanov // Jekonomika: strategija i praktika. – 2023. – T. 18, No. 4. – Pp. 127-146. – DOI 10.51176/1997-9967-2023-4-127-146.
5. Spankulova, L.S. Demographic processes in Kazakhstan: current trends and forecasting the future development / L.S. Spankulova, Z.K. Chulanova // Vestnik universiteta Turan. – 2022. – No. 3 (95). – Pp. 60-71. – DOI 10.46914/1562-2959-2022-1-3-60-71.
6. Akylbekov, A.A. Vlijanie makrojekonomicheskikh faktorov na uroven' real'nyh dohodov kak komponent kachestva zhizni naselenija / A.A. Akylbekov, A.M. Sejtkazieva, C.Martins-Filho // Central Asian Economic Review. – 2024. – No. 3 (156). – Pp. 68-85. – DOI 10.52821/2789-4401-2024-3-68-85.
7. Evaluation of regions' competitiveness as the main parameter of economic development / D.S. Bekniyazova, Zh.L. Caurkubule, A.Zh. Kaliskarova, D.O. Baiburina // Vestnik Innovacionnogo Evrazijskogo universiteta. – 2022. – No. 3 (87). – Pp. 36-43. – DOI 10.37788/2022-3/36-43.
8. Current socio-economic development of the regions of the Republic of Kazakhstan / D.M. Turekulova, B.B. Ajdarhanova, E.B. Bejsengaliev [et al.] // Vestnik Kazahskogo universiteta jekonomiki, finansov i mezhdunarodnoj trgovli. – 2022. – No. 1 (46). – DOI 10.52260/2304-7216.2022.1(46).11.